

**Баспасөз хабарламасы**

Астана қ., 01 наурыз 2023 жыл

**«ҚазТрансОйл» АҚ наурыз айында Германияға 20 мың тонна қазақстандық мұнай транзитін жүзеге асыруды жоспарлап отыр**

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекіткен мұнайды тасымалдау кестесіне сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ наурыз айында Германияға «Транснефть» ЖАҚ магистральдық мұнай құбыры жүйесі бойынша «Адамова застава» мұнайды тапсыру пункті арқылы 20 мың тонна қазақстандық мұнайды тасымалдауды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

«ҚазТрансОйл» АҚ 2023 жылдың 1 тоқсанында Германияға «Адамова застава» мұнай тапсыру пункті арқылы 300 мың тонна қазақстандық мұнайды тасымалдау үшін техникалық мүмкіндіктің бар екендігін растайды, бірақ мұнайды тасымалдаудың нақты көлемі мұнай компанияларының өтінімдеріне байланысты болады.

Ақпан айында «ҚазТрансОйл» АҚ Германияға 20 мың тонна көлемінде қазақстандық мұнайдың бірінші партиясын жеткізді.

2022-ші жылдың желтоқсан айында «ҚазТрансОйл» АҚ 2023 жылы 1,2 млн тонна қазақстандық мұнайды «Транснефть» ЖАҚ магистралды мұнай құбырымен «Адамова застава» мұнай бекеті арқылы Германияға жеткізуге өтінім берген болатын. Мұнайдың бұл транзиті Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы үкіметі арасындағы 2002 жылғы 7 маусымдағы келісім шеңберінде жүзеге асады.

**Анықтама үшін:**

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық операторы болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км әртараптандырылған магистральдық мұнай құбыры желісіне иелік етеді. Мына бағыттар бойынша қазақстандық мұнай өндіру зауыттарына және экспортқа мұнай тасымалдайды: «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының «Атырау – Самара» учаскесі, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС жүйесіне ауыстырып тиеу («Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры), Ақтау порты (танкерге мұнай құю), «Каспий Құбыры Консорциумы» АҚ жүйесіне ауыстырып тиеу, «Шағыр» МҚП және Т. Қасымов атындағы МАС-та темір жол цистерналарына мұнай құю.

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
жұртшылықпен байланыс  
және ішкі коммуникациялар департаменті**